

**Мамандық бойынша тест: 2-пән 2001**

1. Газдың массасы 6 кг, қысымы 200 кПа болғанда 5 м<sup>3</sup> көлем алады. Бұл жағдайда газ молекулалары қозғалысының орташа квадраттық жылдамдығы:

- A)  $\approx 650 \text{ км/сағ}$
- B)  $\approx 7,1 \cdot 10^2 \text{ м/с}$
- C)  $\approx 2556 \text{ км/сағ}$
- D)  $\approx 710 \text{ м/с}$
- E)  $\approx 730 \text{ м/с}$
- F)  $\approx 750 \text{ м/с}$
- G)  $\approx 71 \cdot 10^2 \text{ м/с}$
- H)  $\approx 6800 \text{ м/с}$

2. Бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс:

- A) Соңғы жылдамдықтың жол мен үдеуге тәуелділігі
- B) Жолдың теңдеуін сипаттайтын қозғалыс
- C) Кез-келген бірдей уақыт аралығында бірдей жол жүріп отырады
- D) Нүкте түзу бойымен тұрақты жылдамдықпен қозғалады
- E) Соңғы жылдамдықтың уақыт пен үдеуге тәуелділігі
- F) Бірлік уақыт аралығында жылдамдықтың өзгеру шапшаңдығы
- G) Жылдамдығы модулі және бағыты тұрақты болатын қозғалыс
- H) Лездік жылдамдық пен үдеуді сипаттайтын қозғалыс

3. Өрісті энергетикалық тұрғыдан сипаттайтын шамалар:

- A) кернеулік
- B) электростатикалық күш
- C) өріс потенциалының айырмасы
- D) ток күші
- E) өріс потенциалы
- F) индукция векторы
- G) кернеу
- H) заряд

4. Зарядталған бөлшектерді тіркегіш құралдар:

- A) Вольтметр
- B) Иондаушы камералар
- C) Осциллограф
- D) Гейгер-Мюллер есептегіштері
- E) Омметр
- F) Көпіршікті камера
- G) Амперметр
- H) Гальванометр

5. Кванттық гипотеза көмегімен жарық табиғатының корпускалық қасиетін дәлелдеп берген құбылыстар:

- A) Жарықтың химиялық әсерлесуі
- B) Томсон эффектісі
- C) Кулон заңы
- D) Шарль заңы
- E) Комптон эффектісі
- F) Жарық әсері
- G) Кирхгоф заңы
- H) Жарық қысымы

6. Мектеп физика курсына керекті ғылыми-логикалық талаптар:

- A) Эвристикалық және графиктік есептер
- B) Идеализация
- C) Шығармашылық
- D) Ғылыми фактілер және негізгі ғылыми ұғымдар
- E) Гипотеза және негізгі заңдар
- F) Эпипроекция және диапроекция
- G) Негізгі физикалық теориялар
- H) Телевизия

7. «Физиканы оқыту әдістемесінің» ғылым санатына жататындығының айғағы:

- A) Ғалымдардың еңбегі
- B) Эксперименттік жұмыстардың нәтижелілігі
- C) Негізгі ұғымдары мен терминдері
- D) Басқа ғылымдармен байланысы
- E) Техникамен байланысы
- F) Зерттеу нысаны, зерттеу пәні, практикалық маңызы
- G) Табиғаттың тылсым сырларының ашылуы
- H) Функциясы, мақсаты

8. Рубиндегі лазер бір импульс кезінде толқын ұзындығы  $6,94 \cdot 10^{-7}$  м болатын  $3,5 \cdot 10^{19}$  фотон шығарады. Импульс ұзақтығы  $10^{-3}$  с болса, лазердің сәуле шығаруының орташа қуаты:

- A) 100кВт
- B)  $10^4$  Вт
- C)  $10^2$  Вт
- D)  $10^3$  Вт
- E)  $0,1 \cdot 10^5$ Вт
- F) 10Вт
- G) 10кВт
- H) 100 Вт

9. Өрістің түрлері:

- A) материялық
- B) молекулалық
- C) электромагниттік
- D) гравитациялық
- E) атомдық
- F) денелік
- G) заттық
- H) ядролық күш өрісі

10. Пойыз уақыттың жартысын 70 км/сағ, ал екінші жартысын 30 км/сағ жылдамдықтармен жүріп өтті. Пойыздың орташа жылдамдығы:

- A) 40-тан кем
- B) 60-ға жуық
- C) 30-ға жуық
- D) 40-тан артық
- E) 20-ға жуық
- F) 50-ге жуық
- G) 60-тан кем
- H) 50-ден артық